Бейбіт ИСАБАЕВ,
мемлекет және қоғам қайраткері

ҰСТАЗДЫҢ ОРАЛУЫ

Профессор өзіне таныс ғимараттың филология факультеті орналасқан үшінші қабатына жәймен көтеріліп келеді. Оқта-текте болмаса бұрын көбіне бір қабат төмен – журналистика факультетіне бұрылып кетуші еді. Бүгінде ол бағыт өзгерген. Журналистиканың маманы тіл-әдебиеті саласына ауысты. Бұған да шүкір. Себебі, қабырғасында 34 жыл табан тіреп еңбек еткен университетке соңғы үш жылға жуық уақыт еріксіз ат ізін салмауына тура келді. Екінші үйіне айналған журналистика факультетіне «қажет-сіз» болып шықты. Ұстаз үшін ауыр соққы да осы болды.

Туған университетінің өзін әлі қанша уақыт жатсынарын кім білсін, алайда, ондағы ары таза азаматтар бірегей ғалым, тәжірибелі ұстазды бұдан әрі шеттетуді жөн көрмеді. Жұмыстан шығарылған профессор араға екі жарым жылдай уақыт салып, Қазақ университетіне қайта оралды. Тек бұл жолы шәкірттерімен факультет басшысы, кафедра меңгерушісі емес, қатардағы ұстаз ретінде қауышты. Жүйке мен жүрекке аз салмақ түсірмеген соңғы үш жылда жайшылыққа байқала бермейтін талай нәрсеге қанықты. Дос-жаран, жора-жолдастың сыналар кезі басқа іс түскенде екен. Оны да көрді. Ең бастысы – алпыс жылдық ғұмырында өз басы үлкен өмір сынағын өткерді. Жетістігі мен кемшілігін қатар қойып, елеп-екшеп, іштей қорытынды түйді. Профессор басшы қызметте жүргенде тәртіп пен реттілікті талап етіп, кемшілік, босбелбеулік атаулыға ымырасыз болды. Тағдыр енді өзіне де қаталдық танытты. Әрине, істің ақ-қарасын уақыт көрсетер,

дегенмен, сол бір ауыр күндері көңілі бір-ақ нәрсеге – ғылымдағы айтар соңғы сөзі мен шәкірттеріне берер ғибратын таусып үлгермегеніне қатты алаңдаған. Бірақ бәзбіреулер құсап уақытша қиындықтан босаңсып, мүжілмеді, «Соңы немен тынар екен?» деген сан күдікпен қоса жоғары жаққа, тиісті мекемелерге шырқырап шындық іздеп жазған әрбір хатына жауап тосып, ерте ме, кеш пе ақиқаттың түбі бір айтыларына сенген еді. Тек ол үшін біраз жылдар күтуге тура келді. Әлі де күтері анық.

Сонымен, ҚазМУ-дің журналистика факультетінің бұрынғы деканы, кафедра меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор Т.Қожакеев не үшін партия қатарынан шығарылып, жұмыстан босатылды? Және ол жөнінде біз не білеміз?

1986 жылдың көктемінде Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің комиссиясы журналистика факультетінің жұмысын, жалпы жағдайын тексеруге келгенде, коллектив те, студенттер қауымы да елеңдесіп қалысқан. Өйткені соңғы жылдары факультеттегі моральдық-психологиялық ахуал сыр беріп, әсіресе, ұстаздар арасында жікке бөлінушіліктің салқыны анық байқалған еді. 1985 жылы факультет деканы Т.Қ.Қожакеевтің үстінен Москваға, СОКП Орталық Комитеті жанындағы партиялық бақылау комитетіне домалақ арыз түсіп, сол бойынша жұмыс істеген Алматы облыстық партия комитетінің оның негізінен дәлелденбегені жөнінде қорытынды жасаған. Сондықтан да коллектив бұл жолғы комиссия жұмысының немен аяқталарын іштей тосып, әліптің артын бақты.

Комиссия өз жұмысы жөнінде жазған анықтамасында – факультетте басшылық тікелей декан тарапынан елеулі кемшіліктерге жол берілген деп тауып, артынша журналист кадрларын даярлаудың жағдайы жөніндегі деканның есебі Қазақстан КП Орталық Комитеті Секретариатында тыңдалады. Секретариат жұмыста жіберген кемшіліктері үшін факультет деканы Т.Қожакеевке пар-

тиялық тұрғыдан есеп кітапшасына жазылған қатаң сөгіс беріп, факультет деканы қызметінен, кафедра меңгерушілігінен босату жөніндегі қаулы қабылдайды.

Секретариатта атап өтілгендей, журналист кадрларын даярлаудың жалпы деңгейі әлі де болса уақыт талабынан қалып қойып отырғандығы, факультетті бітірушілердің арасында білімі нашар, практикалық тәжірибесі аз мамандардың барлығы, факультетте кәсіби бағдар беру жұмысының әлсіз жүргізіліп келгендігі жөнінде орынды сын айтылды. Сондай-ақ, коллективтегі моральдық-психологиялық ахуалдың нашарлауына да факультет деканының жауапты болары сөзсіз. Секретариатта факультет жетекшісінің жеке басына қатысты сын-ескертпелер де сөз болды. Кей тұста деканның тарапынан қатаң талап қою, өктемдікке ұласатыны айтылды. Сонымен бірге Орталық комиссиясы жазған анықтамада Қожакеев өзін сынағаны үшін доцент Сопкинді қудалаған деп көрсетілген. Ал соның алдында бір ай бұрын ғана (11.03.86) доцент Сопкиннің арызы бойынша факультетте жұмыс істеген университет комиссиясы мынадай қорытындыға келген: «*Жазба документтер мен тексеру объектісіне қатысты ауызша сөйлесу материалдарымен танысып, талдау нәтижелері журналистика факультетінде «сынға қысым жасаудың» нақты фактілері жоқ деген қорытындыға әкеледі. Сондықтан да комиссия декан Қожакеев жолдастың доцент П.Т. Сопкинді он жылдан аса уақыт бойы қудалап келгендігі жөнінде арызында көрсетілген фактіні дәлелсіз деп санайды...*»

Бұған қосымша осы жылы наурыз айында он бірінші бесжылдықтағы журналистика факультеті деканының комплексті есебі қаралып, коммунист Т.Қ.Қожакеев оқу-өндірістік, ғылыми-зерттеу, қоғамдық жұмысындағы жетістіктері мен жалпы кемшіліктері сөз бола келіп, бұл орайда құрылған арнайы комиссия былай деп жазады: «1970 жылы Т.Қ.Қожакеев жолдас журналистика факуль-

тетінің деканы болып сайланып, бұл қызметте өзін адал принципті және іскер қызметкер ретінде танытты».

ҚазМУ-дың партия комитетінің 1986 жылы 12 наурыздағы қаулысынды былай делінген:

1. «СОКП мүшесі, журналистика факультетінің деканы, профессор Т.Қ.Қожакеевтің комплексті есебі қанағаттанарлық деп есептелсін.

2. СОКП мүшесі Т.Қ.Қожакеев жолдасқа факультеттегі кемшіліктер атап көрсетілсін және оқу процесін ұйымдастыруда арнайы курстар оқу және педагогикалық жұмыс салмағын бөлудегі әркелкілікті түзету міндеттелсін».

Бүгінде партиялық принциптілік, әділеттілік жөнінде жиі сөз болуда. Ал Қожаеев «адал азамат, білікті ұстаз-басшы» делінген комиссия қорытындысына қол қойған университет пария комитетінің кейбір мүшелері, кейін «Қожакеев партиядан шығарылсын» дегенде де қол көтеріп, мәжіліс протоколдарына қолдарын қойған.

1986 жылы 28 сәуірде Секретариат қаулысы журналистика факультетіне таныстырылады.Т.Қ.Қожакеев Секретариатта өзін кафедра меңгерушілігінен босату жөнінде сөз болмағанын айтып, қарсылық білдіреді.

Сөйтіп, Т.Қожакеевтің өз «кінәсін» мойындамауы осыдан басталады. 1986 жылы 22 шілдеде оны сол кездегі Қазақ ССР Жоғары және арнайы орта білім беру министрі К.Н.Нәрібаев шақырып, факультеттен өз еркімен кетіп, басқа жақтан жұмыс іздеуі керектігі жөнінде ұсыныс жасайды. Профессор бұған үзілді-кесілді қарсылық білдіріп, ССРО Жоғары оқу орындары министрлігіне, министр Г.А.Ягодинге, республика басшылығына шағым жазады. Министрліктен, Орталық Комитет тарапынан болған тексерулер өтініш иесінің тілегін қанағаттандырусыз қалдырады.

Бұдан кейін ол 1986 жылы 27 желтоқсанда Қазастан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші

хатшысы Г.В.Колбиннің атына хат жазады. Бірақ бұл жолы да оның арызы жауапсыз қалады. Ал, «кінәсін мойындаудан» бас тартып, шағынуын тоқтатпаған «бұрынғы» деканды Орталық Комитеттің сол кездегі идеологиялық аппаратының кейбір басшылары жақтырмады. Т.Қожакеев алдымен 1987 жылы 12 қаңтарда партия мүшелігінен шығарылып, 28 қаңтарда жұмыстан босатылады. Сөйтіп, ол тоғыз айдың ішінде үш рет қатаң жазаланады. Бұл орайда профессорға қандай айыптар тағылды? Жұмыста жіберілген кемшіліктері жөнінде жоғарыда сөз болғандықтан, әрі олардың дені орынды атап көрсетілуі себепті қайталап жатудың қажеті болмас. Ал жеке басына қатысты кейбір айыптаулар тоқталып өтуді керек етеді.

Т.Қожакеевтің партиялық, әкімшілік жазаға тартылуына Орталық газет беттерінде жарияланған материалдардағы үстірт, тексерілмей жазылған фактілер мен айыптаулар әсер етеді. Кейін оған тағылған кінәлардың талайы алдымен «Известия», «Правда» газеттеріне жарық көрді. Өйткені 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан кейін туған қолайлы сәтті пайдаланып, Орталық газет тілшілері Алматыдағы жоғары оқу орындары жөнінде «шабыттана» жазды. Институттарға қазақ жастары неге көп түседі деп процент қуу, небір салыстырулар, оңтүстік облыстардың оқу орындарын «жаулап алуы» дейсіз бе, әйтуір талай «сорақылықтардың» бетін ашты. Мақала авторлары республика халықтарын интернационализмге, достыққа шақырамыз деп жүріп, әлгіндей сан қуу арқылы ұлттар арасында сенімсіздік туғызып, жік салып аларын байқамай да қалған. Орталық газет мақалаларына сенер болсақ, қаладағы жоғары оқу орындары басшыларының дені парақор, жең ұшынан жалғасып, тамыр-таныстықпен өмір сүріп келгендер. Республика баспасөзі Орталық басылымдардың осы материалдарын талғамай көшіріп басып, басшыларымыз кідіртпей кемшіліктерді мойындап, қолға алынып жатқан шаралар жөнінде жауап беруден жаңылмады.

«Известия» газетінің арнаулы тілшісі В.Шепоткин (24.01.1987) былай деп жазды: «ҚазМУ-дың журналистика факультетінің деканы Т.Қожакеев толып жатан документтерде және қызметкерлердің айғақтарында атап айтылғандай, факультетті өзінің меншігіне айналдырған. Жамбыл облысының Меркі өңірінде туып-өскен ол төірегіне жерлестерін, өзіне берілген адамарды, көбіне кәсіптік шеберлігі әлсіз, тіпті шала сауатты адамдарды жинады. 33 оқытушының ішінде ұлты орыс 7-ақ адам қалды, олардың үшеуі пенсия жасындағы адамдар... Факультетте республиканың орталық және солтүстік облыстарынан қазақ абитуриенттері көптеген жылдар бойы мүлдем дерлік қабылданбаған. Декан Т.Қожакеевтің туған ауданы – Жамбыл облысының Меркі ауданында журналистік дипломы бар 25 адам жұмыссыз жүрген...».

Коллективті ұзақ жыл басқарған басшының жекелеген адамдарды қызметке алуға ықпалы тимеді деу имансыздық болар. Дегенмен, бұл бір жақты айтылған пікір еді. Біріншіден, факультеттің педагогикалық құрамы конкурстық жолмен жасақталады. Әрбір кандидатура университет басшылығымен арнайы комиссияның келісімі арқылы конкурсқа жіберіліп, советте жасырын дауыспен сайланады. Екіншіден, Қожакеев декан болып тұрған кезде факультеттің педагогикалық құрамына Семей, Шымкент, Жамбыл, Торғай, Солтүстік Қазақстан облысынан адамдар сайланған.

Рас, факультетке солтүстік, орталық облыстардан кеушілер мүлде жоқ емес, бірақ аз. Оның объективті себептері бар. Бұл аймақ жастары тоқыраудың ауыр зардабын көрді. Қазақ мектептері көп жерде жабылып қалды. Оның қазақ журналистикасына келер ұлттық талантты жастарға тұсау болғаны шындық. Содан да орта мектепті орыс тілінде аяқтағандар, жақын тұрған Россияның жоғары оқу орындарына бет алып жатады. Және әр облыста педагогикалық институттар бар, әрі оларға оқуға

түсу жеңілдеу, конкурстың аса үлкен болмайтыны анық. Үшіншіден, бұл аймақтың жастары Алматыға әуре болғанша (эканомикалық жағы, қаражат мәселесі, т.б.) Қарағанды университетіне түсуді жөн көреді.

Ал Қожакеевтің туған жері Жамбыл обысының Меркі ауданында журналистік дипломы бар 25 адам жұмыссыз бос жүр деген факт шындыққа жанасымсыз. Ол жөнінде «Социалистік Қазақстан» газетінде (3.02.89) жазылды да. Арнайы деректерге жүгінер болсақ, Меркі аудандық газетінің редакциясындағы творчестволық қызметкерлердің 9-ның журналист мамандығы жоқ.

Т.Қожакеев «Оқу құралын басып шығаруға кепілдеме беру туралы проблемалық совет протоколының кө-. Және бұл оны Қазақ ССР Еңбек жөніндегі заңының 248-статьясы, 2-пунктімен (тәрбиелік жұмыс атқаратын қызметкердің моральға жат қылық жасағаны үшін бұл жұмысты одан әрі жалғастыра алмауы) жұмыстан босануына негіз болды. Істің мәні мынады. Кінәлаушы жақ Қожакеевті жоғары және арнайы орта оқу орындары үшін бұйрықпен бекітілген нұсқаудың белгілі бір пунктін бұрмалаған деп санайды. Яғни оқу құралы басылуға, проблемалық советте талқыланбай ұсынылған. Ал Т.Қожакеев «оқулықты басып шығарудың жылдық жоспарына жоспарлауға дейін тиісті органнан басылуға рұқсат берілген немесе екі рецензиясы бар оқулықтар мен оқу құралдары кіреді» делінген келесі нұсқауды ұсынады. Яғни оқу құралын басып шығаруға кафедраның шешімі бар және осы пунктке сай екі рецензия берілген. Сондықтан да профессор өзіне тағылған бұл айыпты да негізсіз санап, сотқа шағым жазады. Алайда, сот Т.Қожакеевті кінәлі деп тауып, жоғарыдағы статьялар бойынша жұмыстан шығарылғаны дұрыс деген шешімге келеді.

Нұсқаулардың бір мәселе жөнінде екі пункті бірінебірі қайшы келсе, бұған оны құрастырушылар жауапты. Екіншіден, сотта, басқа да барлық іс қағаздарында

аталмыш оқу құралының сапасы, тәрбиелік мәні жөнінде бір ауыз теріс пікір болмаған. Керісінше, беделді маман, ғалымдар берген рецензиялар оны студенттерге қажеті, сауатты әзірленген жұмыс. деп бағалайды. Осы жерде оқу құралы қажетті, сапалы жазылса проблемалық совет протоколын бұрмалаудың қажеті не деген сұрақ туындайды. Үшіншіден, тек осы үшін ғана тәжірибелі ұстаздың шәкірттерге білім беруге моральдық қақысы жоқ деп шорт кесілуі қалай? Оны заң органдарының өздері де сезсе керек, кейінірек профессордың арызына жауап берген республика прокуратурасының хатында профессордың бұл әрекетін моральға жат деп бағалауға, оның бұған дейінгі (кафедра меңігерушісі, факультет деканы болып жүрген кездегі) жіберген кемшілік, кінәларының қосындысы негіз береді делінген. Олай болса, Т.Қожакеев өзінің бұл кешіліктері үшін оның алдында бір емес, екі рет жауап берді емес пе?

Еңбек жөніндегі заңда қызметкерді жұмыстан шығармас бұрын түрлі әкімшілік шаралар қолданылып, ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс берілуі тиіс болса, Т.Қожакеев бірден жұмыстан босатылады. Міне, осы айтылғандардың бәрі әлдекімдердің оны жұмыстан, партиядан шығарға мүдделі болғанын аңғартатындай. Әйтпесе, белгілі бір кемшіліктері үшін тоғыз айда үш рет қатаң жазалап, бір оқу орнында 35 жыл еңбек еткен ғалымды, 20-дан астам монографиялар мен оқулықтардың авторын тұтастай жоққа шығаруы мүмкін емес еді.

Осыдан бері арада үш-төрт жылдай уақыт өтті. Қазір қарап отырсақ, астанадағы ҚазМУ секілді жоғары оқу орындарының жағдайы пәлендей өзгеріп, қайта құрылып кете қоймағаны рас. Мәселен, журналистика факультетінде журналист кадрларын даярлаудың сапасы жөнінде үстіміздегі жылы 13 ақпанда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюросында мәселе қаралып, оның «ұстаздар құрамы сандық жағынан нығайтылғанына қарамастан оқу-

тәрбие процесін жоспарлау және ұйымдастыруды сапалы түрде жақсартуға қол жетпегендігі, факультетте әлі күнге дейін бүгінгі күн талаптарына сай мамандар әзірлеудің практикалық жүйесі құрылмағандығы» атап көрсетілді. Сонымен қатар, факультет жұмысын тексерген университет комиссиясы декан В.М.Козьменконың басшылық қызметінде жіберген елеулі кемшіліктерін ашты. Мамандығы тарихшы, профессор В.М.Козьменконың тексеру уақытында күндізгі оқу бөлімі студенттеріне бірде-бір сағат лекция оқымайтындығы, декан мен кафедра меңгерушісі, доцент П.Т.Сопкиннің жақсы оқитын жекелеген студенттерге қысым жасағаны анықталған. Деканат жұмысында керісінше, үлгерімі төмен студенттере көтеріңкі степендия беру фактілері орын алған. Факультеттің алдында тұрған проблемаларды шешер терең талданған жоспар жоқ екендігі атап көрсетілген. Факультеттің жалпы жұмысындағы, жеке басының кемшіліктері үшін декан В.М.Козьменкоға университет ректорының бұйрығымен қатаң сөгіс берілді. Жақында В.М.Козьменко декандық қызметтен өз өтініш бойынша босады.

Мойындау қиын, дегенмен, сол кезде асығыстық жасағанымызды кеш те болса түсіне бастағандаймыз. Оның бір дәлелі, ірі ғалым, ҚазМУ-дың бұрынғы ректоры, партиядан шығарылып, үлкен дабырамен қызметтен босатылған академик, бүгінде қайта ақталып, Қазақ ССР халық депутаты болып сайланған Ө.А.Жолдасбековтың «сүйіктісі» деп қаралғанына газет материалдарының сол уақыттағы тігіділері куә. Қарап отырсақ, 1986-88 жылдары ҚазМУ-ден Қазақ ССР Ғылым академиясының бір мүше-корреспонденті, 5 профессор, 4 доцент әр түрлі жазаға ұшыраған, жұмыстан шығарылған, партия қатарынан аластатылған. Және олардың көбіне «оңтүстік адамдары» деген орынсыз айып тағылды. Парақорлық, қызмет бабын пайдалану, тағы басқа жағымсыз көріністер осы оңтүстіктен келіп жатыр деген сыңаржақ ұғым қалыптасты.

Жұрт, тіпті, «оңтүстіктен едік» деуден именген де кезең болды. Жоғары оқу орындарының бұл өңірдің жастарын шектеп қабылдау әрекеттері жүзеге асырылды. Алайда, олардың бәрі де уақытша сипат алды.

Мысалы, 1989 жылы журналистика факультетіне түсушілердің тізімін алып қарасақ, бірінші курска Көкшетау, Павлодар, Солтүстук Қазақстан облысынан бір-бір жастан ғана қабылданған. Сөйтіп, солтүстік облыстарынан абитуриент қабылдау жоспары орындалмай қалған. Кезінде Т.Қожакеевке тап осы «теңсіздік» басты кінә етіп тағылған еді. Демек, бұл жоғары оқу орындарына батыс, оңтүстік облыс жастарының табиғи түрде (оны себептерін жоғарда айтқанбыз) көп келетіндігін аңғартады. Дегенмен бұдан Т.Қожакеев еш кінәсіз еді деген ұғым тумаса керек. Оның артық кеткен тұстары, жұмыстағы, жеке басындағы кемшіліктері, сөз жоқ, орын алды. Кезінде осы кемшіліктер мойнына қойылып, декандық қызметтен босатылды, партиялық тұрғыдан қаттаң сөгіс берілді. Оны бүгінде жұртшылықтың өзі түсініп республика басшылығына өтініш, тілек білдіруде.

«Қазақстан Комунистік партиясы Орталық
Комитетінің бірінші хатшысы Н.Ә.Назарбаев жолдасқа
Алматы қаласының бір топ жазушы-сатириктерінен
ӨТІНІШ

1986-88 жылдары заңсыздықпен қудалаудың нәтижесінде көптеген ғалым-педагогтар жұмыстан босатылды, жекелегендері партия қатарынан шығарылды. Осындай басынушылықтың құрбаны болғандардың бірі – филология ғылымдарының докторы, профессор Т.Қ.Қожакеев.

Қазақ мемлекттік университетінде 35 жыл еңбек етіп, кандидаттық және докторлық диссертациясын өндірістен қол үзбей қорғаған, 1984 жылы ұзақ жылғы

жемісті еңбегі үшін «Құрмет Белгісі» орденімен наградталған, «КСРО жоғары мектебінің үздігі» Т.Қ.Қожакеев тек оқу құралын басу жөнінде кепілдеме берген факультет кеңесі протоколының көшірмесін аузша сұрау тәртібімен түсіргені үшін 1987 жылы қаңтарда жұмысынан босатылды. Университет бұл факт «Моральға жат қылық» деп тауып, Қазақ КСР Еңбек жөніндегі заңының 248-статьясының 3-пунктімен жұмыстан шығарды...

Профессор Т.Қ.Қожакеев журналистика проблемалары жөніндегі, әсіресе сатираның тарихы мен теориясы саласындағы белгілі маман. Студенттер мен көптеген оқушылардың пікірі бойынша, Қожакеевтің университеттен кетуі журналист кадрларын, оның ішіне фельетоншылар дайындаудың сапасына кері әсерін тигізуде...

Профессор Қожакеев, міне, үшінші жыл еріксіз еңбек ету правосынан айырылып, жұмыссыз отыр. Заң орындары жұмысқа қайта орналастыру жөніндегі оның өтінішін қанағаттандырусыз қалдырып, мейірімсіздік танытты. Ол еш жерден шындық, әділдік таба алмауда. Бұнымыз адамгершілікке жата ма?

Біздің пікірімізше, профессор Қожакеев жұмысқа қайта оралуы тиіс және тәжірибесі мен білімін қайта құру үшін пайдалану орынды болар еді».

Қазақстан Жазушылар одағы сатира секциясының шешімі бойынша

Ғ.Қабышев,

С.Адамбеков,

Ү.Уайдин...

Барлығы он адам қол қойған.

(Мұндай хат 74 журналистер атынан, сондай-а бір топ студенттер атынан да болды – Б.И.).

***

Бүгінде профессор Т.Қ.Қожакеев қызмет етіп жүрген Қазақ университетінің филология факультеті ашық

партия жиналысы және партиялық бюросы жақында оның партиялығын қайта қалпына келтіру жөнінде қаулы алды.

Бұл көпшілік қауымның осы талап-тілектеріне орай, Т.Қ.Қожакеевтің партиялық мәселесін мамандығы бойынша қызметке орналасуы жағын қайта қарап, олары әділ шешер уақыт жеткенін көрсетті.

«Жас алаш». 22 маусым, 1990 жыл.